

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банктердің пруденциалдық нормативтерді және активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеу туралы мәліметтерді (провизияларды қалыптастыру) орындау жөніндегі есебін жариялау нысандары мен мерзімдері туралы" 2006 жылғы 11 желтоқсандағы N 288 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 наурыздағы N 91 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 8 мамырдағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4668 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 16 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 16 Қаулысымен.

----- Қаулыдан үзінді -----

Нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Агенттік Басқармасының мынадай қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) ;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банктердің пруденциалдық нормативтерді және активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеу туралы мәліметтерді (провизияларды қалыптастыру) орындау жөніндегі есебін жариялау нысандары мен мерзімдері туралы" 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 288 қаулысына толықтыру енгізу туралы 2007 жылғы 30 наурыздағы № 91 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4668 тіркелген).

2. Осы қаулы қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

3)

4. ...

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі -Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының "Банктердің пруденциалдық нормативтерді және активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеу туралы мәліметтерді (провизияларды қалыптастыру) орындау жөніндегі есебін жариялау нысандары мен мерзімдері туралы" 2006 жылғы 11 желтоқсандағы N 288 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4511 тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 1-1 тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Екінші деңгейдегі банктер:

1) 2007 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде 2006 жылға осы қаулының 1, 2 қосымшасына сәйкес, Заңның 19-бабының 4-тармағының талаптарына сәйкес келетін аудиторлық ұйыммен расталған банктің пруденциалдық нормативтерді орындағаны туралы есебін және банк бойынша активтер мен шартты міндеттемелерді (провизияларды қалыптастыру) жіктеу туралы мәліметтерді жарияласын ;

2) Агенттікке 2007 жылғы 15 шілдеге дейінгі мерзімде осы тармақтың 1) тармақшасын орындағаны туралы мәліметтерді ұсынсын."

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Стратегия және талдау департаменті (М.С. Бөбеев):

1) Заң департаментімен (М.Б. Байсынов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, екінші деңгейдегі банктерге, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л. Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК